

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 94 (9156) | 1953 жылғы 10 май Жексенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Егіс жұмыстарында агротехникалық ережелер мүлтіксіз орындалсын

Егіншіліктің мәдениетін батыл күшейту арқылы барлық ауылшаруашылық дақылдарының өнімін арттыру бесінші бесжылдықтағы басты міндеттердің бірі. Партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің жаңа бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларында: «егіншілік бұрынғыдан да гөрі өнімді және жетілген болуға тиіс, өркендеген еikle шөбі мен дүрыс ауыспалы егіс болуға, техникалық, жемшөп, оwoңь дақылдары мен картоп егісi көлемінің үлес салмағы неғұрлым жоғары болуға тиіс» деп атап көрсетілген.

Бесжылдық жоспарға сәйкес облыс егіншілері алдында да аса күрделі міндет тұр. Ол — ауыл шаруашылығында озат техника мен агрономиялық мәдениетті өлгізу негізінде дәнді дақылдардың шығымдылығын еселеп арттыру. Облысымызда бесжылдықтың ішінде дәнді дақылдардың әрбір гектарынан 15—16 центнерге дейін өнім алу көзделіп отыр.

Егін өнімін арттыру жөніндегі мұндай аса күрделі міндетті ойдағыдай орындауда көктемгі егісті қысқа мерзімде агротехникалық жоғары дәрежеде өткізудің маңызы ерекше зор. Барлық шаруашылықтарда егіс жұмыстары агротехникалық талаптарға сай жүргізілуіне тиіс. Тек осы жағдайда ғана, демек, егісті жердің әрбір гектарын агротехникалық жоғары дәрежеде жұмыстағанда ғана егін өнімін арттыруға болатындығы тәжірибеден мәлім.

Облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздарында егіс жұмыстары алғашқы күндерден бастап әрі тез, әрі сапалы жүргізілуде. Бұл жөнінде Булаев ауданындағы «Новый путь» колхозын мысалға алуға болады. Мұнда егіс жұмыстары ойдағыдай ұйымдастырылған. Жер жырту, тырмалау және тұқым себу сияқты негізгі ауылшаруашылық жұмыстары агротехникалық талаптарға сай жүргізіледі. Колхозда, әсіресе, тұқым себу жұмысының тиімділігін ұйымдастырылған. Дәнді дақылдар биологиялық ерекшеліктеріне

мыстары әзірліксіз басталды. Егіске шыққанша дәнді дақылдар тұқымы тазаланып, шығымдылық сапаға жеткізілмеді. Егіс басталғаннан кейін де тұқымды себуге әзірлеу дүрыс ұйымдастырылмады. Мұндағы «ВИМ» машинасымен тұқымның тазартылуы мәз болмады. Кәзір аталған бригаданда бидай дақылның тұқымы тазартылмаған, шығымдылық сапаға жеткізілмеген күйінде себілуде. Колхоз председателі Бухарева жолдас көзбояушылыққа салынып, дәнді дақылдар тұқымын егу сапасына жеткізіп себуді ұйымдастырудан тыс қалып келеді.

Егіс жұмыстарын сапасыз жүргізу, әсіресе, жерді тайыз жырту, оны дүрыс тырмалау және тұқымды тиісті тереңдікке еіңірмеу фактілері Булаев ауданындағы Коминтерн атындағы, Ленин атындағы колхоздардан да кездеседі. Бұларда егіс жұмыстарының сапалы жүргізілуіне, олардың әрбір түрі бойынша агротехникалық ережелердің сақталуына жете мән берілмей келеді. Соның салдарынан жер көп реттерде түренсіз плугтермен тайыз жыртылады, бабына келіп өңделмеген жерге тұқым себіледі. Мәселен, Коминтерн атындағы колхозда 80 гектар сапасыз тырмаланған жерге тұқым себілген. Ал, колхоз председателі Кухаренко және участоктік агроном Кушинский жолдас тар бұған ешбір назар аудармай, тұқым себуге агротехникалық шаралардың бұзылуына тікелей жол берген.

Дәнді дақылдардың шығымдылығын арттыру міндетін ойдағыдай шешу көктемгі егісті қысқа мерзімде агротехникалық жоғары дәрежеде өткізуге байланысты дедік. Олай болса, егіс жұмыстары тез жүргізумен, бірге, олардың агротехникалық ережелерге сай сапалы атқарылуын қамтамасыз ету қажет. Партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындарының және МТС, колхоз басшыларының басты міндеті — егіс жұмыстарында агротехникалық шаралардың мінсіз қолданылуын қамтамасыз ету, жердің әрбір гектарының сапалы жұмысталуын,

Көктемгі егісте әрбір сағат уақыт қымбат

Егіс жоспарын орындаған колхоз

Совет ауданындағы Баганович атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшелері егіс жұмыстарын қысқа мерзімде, агротехникалық жоғары дәрежеде аяқтау жолындағы социалистік жарысты өрістетіп отырып, зор табысқа ие болды. Олар егіс жұмыстарын 12 күн ішінде ауданда бірінші болып аяқтады. Мұнда 1239 гектар орнына 1410 гектар жаздық дақылдар себілді.

Колхозда барлық егістік жерге аудандастырылған сортты тұқым себілді. Тамыржемісті, сурленетін дақылдар және шөп егу жоспары да толық орындалды.


Егіс жұмыстарының қысқа мерзімде жоғары агротехникалық дәрежеде аяқталуы — ең алдымен трактор және егіс бригадаларының тығыз ынтымақпен жұмыс істеп, машиналардың толық қуатымен пайдаланылуында.

Жанар майын тасушы Т. Батурин, сү тасушы К. Борт, тұқым тасушылар Д. Лисовик, С. Макаревич жолдасар егіс кезінде күні-түні бірдей еңбек етіп, үздік табыстарға жетті. Сол сияқты, сеялқаларды тұқыммен қамтамасыз етуші М. Нұраева, А. Макаревич, М. Комендантова жолдасар өз жұмыстарын көңілдегідей атқара білді.

Егіс бригадасы тарапынан жақсы қамтылуы және тракторға техникалық күтімнің мезгілінде жасалуы нәтижесінде трактор бригадасының көптеген тракторшылары айтарлықтай табыстарға ие болды. Тракторшы Т. Котляренко жолдас «СТЗ—НАТИ» тракторымен бір сменада 45 гектар орнына 50—55 гектар жерге тұқым сеуіп отырды. Оның сменашысы тракторшы И. Шран жолдас жер жыртуда, тырмалауда сменалық тапсырманы үнемі 115—120 процентке дейін орындауға жетісті. Ал, тракторшы В. Лисовик, П. Рочинский жолдасар да «С—80» тракторымен әрбір сменада жер жыртудағы норманы біржарым еседен кем орындамайды.

Көктемгі егіс жұмыстарында агротехникалық шараларды бұлжытпай жүзеге асыру — ауылшаруашылық дақылдарының барлық көлемінен мол өнім алудың басты шарты.

Егіншілер! Егіс жұмыстарының қарқынын күшейтумен бірге, сапасын да жақсартып түсейің!



Полудень ауданындағы Чапаев атындағы колхозда көктемде жер жырту жұмысы қызу қарқынмен жүргізілуде. СУРЕТТЕ: Тракторшы А. Попов жолдасының жер жырттып жүрген кезі. Ол күндік тапсырмаларды үнемі асыра орындап отырады. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Бұл агротехникалық ережелерді бұрмалағандық емес пе?

Октябрь ауданының кейбір колхоздарында егіс жұмыстарын сапалы жүргізуге жеткілікті көңіл бөлінбей келеді. Соның салдарынан көктемгі егістің агротехникалық ережелерінің өрескел бұрмаланылуына жол беріледі.

Егің жайы, әсіресе, «Пламя» колхозында (председателі Капитель жолдас) өте-өте нашар. Мұнда дәнді дақылдар тұқымы шығымдылық сапаға жеткізілмеген. Колхоздың № 2 және № 4 егіс бригадаларында егу дәрежесіне жеткізілмеген көп бидай тұқымы себілген. № 4 бригаданда (бригадирі Богдан жолдас) тұқым қорын сақтауға, оны жоғары шығымдылық сапаға жеткізіп себуге әлі күнге тиісті қамқорлық жасалмаған. Бригадир Богдан жолдасының кінәсінен «смена» бидайының 50

килограмм ғана тұқым себілген. Осы колхозда 15 гектар егістік алаңға шіріген, шығымдылық сапасы мүлде жойылған күнбағыс тұқымы себілген. Ал, бұл колхоздағы Семиполка МТС-нің агрономы Бондаренко жолдас мұндай кемшіліктерге көре тура жол берген.

Сталин атындағы колхозда жер жырту түренсіз плугтермен жүргізіледі. Сондықтан егістік жер тайыз жыртылып жүр. Мысалы, осы колхоздағы № 7 трактор бригадасында 70 гектар жер түренсіз плугтермен жыртылған. Бұған ең алдымен колхоз басшылары, әсіресе, егіс бригадасының бригадирі Меликов жолдас тікелей кінәлі. Өйткені, мұнда егіс бригадасы трактор бригадаларын нашар қамтыды. Егістік жерді жұмыстар алдында оны

И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегі насихатталуда

ГУРЬЕВ. (ҚазТАГ). Облыстың 80-нен аса селолық лекторийлері партияның XIX съезінің қарарларын және И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық еңбегін насихаттауда.

Тайсойған мал отарындағы қызыл отаудың лекторийінде мал дәрігері Баниев жолдасының «Жаңа бесжылдықта социалистік ауыл шаруашылығының онан әрі өркендеуі» деген лекциясы болды. Мұғалима Асанова «И. В. Сталин социализмнен коммунизмге өтудің негізгі алғы шарттары туралы» деген тақырыпта лекция оқыды. Қызыл отаудың меңгерушісі Молдашев жолдас қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылықты жою және олардың арасындағы елеулі айырмашылықты жою жолдары туралы лекция оқыды. Қызыл отауда партияның XIX съезіне арналған көрме ашылған, маркстік-лениндік-теорияны өздігінен үйренушілерге қажетті әдебиет іріктеліп алынған.

Қызылқоға ауданындағы «Путь к коммунизму» колхозының лекторийі зор жұмыс істеуде. Осында мұғалима Құрманшаева жолдас И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегі — марксизм-ленинизм теориясына қосылған жаңа зор үлес», мұғалім Ахметов жолдас «И. В. Сталиннің социализмнің негізгі экономикалық заңын ашуы және дәлелдеп беруі» деген лекциялар оқыды.

Облыстың селолық лекторийлерінде быйыл И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегі және партияның XIX съезінің қарарлары жөнінде жүздеген лекция оқылды.

ТАЛДЫҚОРҒАН. (ҚазТАГ). Облыстың еңбекшілері И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген шығармасын және партияның XIX съезінің қарарларын зор ықыласпен оқып-үйренуде. Бес

сәйкес қажетті тереңдікке еңгізіледі. Дөңді дақылдар себуда егіншілер тұқым себудагі озат әдістерді — тоғыспалы және тарқатарлы әдістерді кеңінен қолданауда. Колхозшылар егіншіліктің мәдениетін арттыру, егістік жерді тыңайту және мал азығының мол қорын жасау мақсатымен біржылдық, көпжылдық шөптерді, тамыртүйнекті, тамыржемісті, сүрленетін дақылдарды агротехникалық қолайлы мерзімде және кең көлемде сеіті.

Дегенмен, егіс жұмыстары облыстың барлық колхоздарында агротехникалық талаптарға сай жүргізілуде деп айта алмаймыз. Бірқатар колхоздарда егіс жұмыстары баю және сапасыз жүргізіліп келеді. Мұндай шаруашылықтарда жер жырту, тырмалау және тұқым себу жұмыстарында агротехникалық ережелердің өрескел бұрмалануына, нашар өңделген жерге тұқым себуда жол беріліп отыр. Оның басты себебі сол — жергілікті партия, совет ұйымдары, ауылшаруашылық орындары, колхоз, совхоздар мен МТС басшылары егіс жұмыстарының сапасына жеткілікті көңіл бөлмейді. Егіс жұмыстарында агротехникалық шаралардың мұқият сақталуын қамтамасыз етпейді.

Егіс жұмыстары Совет ауданындағы «Новый быт» колхозында (председателі Бухарева жолдас) мүлде сапасыз жүргізілуде. Мұнда көктемгі егістің агротехикасының өрескел бұрмалануына жол беріліп отыр. Колхозда дөңді дақылдардың көбі № 2 бригадда себіледі. Ең құнарлы және тың егістік жерлер де осы бригадда. Ал, бұл бригадда егіс жұмыстары көзір қалай жүргізіліп отыр? Мұнда егіс жү-

ркімнің дұрыс еңгірлуін ұйымдастыру білу болып табылады.

Агрономдар — мол өнім жолындағы күресті ұйымдастырушылар. Олардың орны көзір мол өнім тапқыры шешілетін жерлерде, трактор және егіс бригадаларында. Агрономдар егіс жұмыстарының үнемі басы- қасында болып, егістің агротехникалық ережелерге сай тыңғылықты жүргізілуіне жетісуге тиіс. Олар, әресе, тұқым себуда жете назар аударуға, тұқым себуда тоғыспалы және тарқатарлы әдістердің кеңінен және дұрыс қолданылуына нақтылы бақылау жасауға міндетті.

Сапалы тұқым — мол өнімнің негізі. Сондықтан егістік жерге шығымдылық сапаға жеткізілген тұқым ғана себілетін болсын. Шығымдылық дәрежесі төмен, дұрыс өңделмеген тұқымды себу сыяқты, зиянды әдетке жол бермеу керек. Әрбір колхозда, әрбір бригадда тұқым себер алдында өңдеуден: ауа жылуына қыздырудан, дәрілеуден өткізілуге тиіс. Тұқымды себер алдында әзірлеу ісіне агрономдар мен тәжірибелі егіншілер көптеп қатыстырылуы қажет. Барлық жерде тұқымды егістік алаңның әрбір гектарына тағайындалған мөлшерде себу керек.

Күздік егістер және малазығындық дақылдарды күтуді тыңғылықты ұйымдастыру керек. Мұндай егістерді бантап күтуге тиісті адамдар бөліп, оған агрономдардың басшылығын күшейту қажет.

Көктемгі егіс жұмыстарында агротехникалық ережелерді мінсіз жүзеге асырып, мол өнімнің берік негізін қалау — облыс егіншілерінің бүгін таңдағы ең басты міндеті.

В. И. Ленин Шығармаларының грузин тілінде басылуы

ТБИЛИСИ, 8 май (СОТА). Грузин ССР-нің мемлекеттік баспасы В. И. Ленин Шығармаларының 35-томының грузин тіліндегі аудармасын басып шығарды. Аударған СОКП Орталық Комитетінің жанындағы Маркс—Энгельс — Ленин институтының грузин филиалы.

35-томның жарыққа шығуымен байланысты В. И. Ленин Шығармаларының грузин тілінде басылуы аяқталды. Бұл — Грузия Коммунистік партиясының және республиканың барлық еңбекшілерінің идеялық өміріндегі ең ірі оқиға, ленинизмнің мәңгі жасайтын идеяларын насихаттау ісіндегі алға басқан жаңа қадам болып табылады.

Республикалық кітап палатасының мәліметтеріне қарағанда, 1921 жылдан

ЕЛІМІЗ ЖЕҢІС КҮНІН АТАП ӨТУДЕ

Совет халқы Жеңіс Күнін салтанатты түрде атап өтуде. Қалаларда, селоларда, әскери бөлімдер мен жауынгерлік кемелерде Совет Одағының герман империализмін жеңген бүкіл дүниежүзілік тарихи жеңісі туралы баяндамалар және лекциялар оқылуда. Армияға, Авиацияға және Флотқа көмектесетін Ерікті қоғамның ұйымдарында Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Совет Армиясының атақты жеңістерін баяндайтын фототриналар жабдықталды.

Москвада, саяси және ғылыми білім тарататын Бүкілодақтық қоғамның Орталық лекторийінде Совет Одағының Батыры, артиллерияның генерал-полковнигі Н. М. Хлебников 8 майда: «Коммунистік партия — Ұлы Отан соғысында совет Қарулы Күштерінің жеңістерін ұйымдастырушы және дем беруші» деген тақырыпта лекция оқыды.

(СОТА).

трактор бригадасы егіс жұмыстарын егіншілер сорғы тұқымы суытқан, егіншілік сапасын жойған. Көзір бұл бригадда мұндай сортты тұқымның орнына жай тұқым себілгелі отыр.

А. МУХАМЕТОВ.

Комсомолецтер — егіс озаттары

Калинин атындағы колхоздың (Ленин ауданы) егіншілері көктем егісін тез және сапалы аяқтау жолындағы күресті барған сайын өрістете түсуде. Мұнда әресе, колхоз комсомол-жастары өздерінің үлгілі ісімен көзге түсулі. Егіс жұмыстарының қай саласында болсын, комсомолецтердің бәрі сменалық норманы ұдайы арттығымен орындап, келелі табыстарға жетіп жүр.

Солардың бірі — тракторшы комсомолец Н. Жапаров жолдас. Ол «СТЗ» тракторымен тұқым себеді. Өзі жүргізетін осы трактормен смена сайын 20—22 гектар жерге тұқым себу оның дағдылы ісіне айналған. Соңғы бескүндіктің өзінде ғана ол 148 гектар егістік жерге тұқым сеіті.

Сол сыяқты, егіс жұмыстарында комсомолецтер тракторшы К. Мұсайынов, тіркеуші У. Бекбердина жолдасар да қажырлы еңбек етіп жүр.

Е. НУРАЛИН.

Мал азығын өндіру бригадасын ұйымдастыру туралы

Жемшөптің берік қорын жасау — қоғамдық мал шаруашылығын ойдағыдай өркендетудің негізі. Г. М. Маленков жолдас партияның XIX съезінде жасалған есепті баяндамасында: «мал шаруашылығын өркендетудегі негізгі міндет бұдан былай да колхоздар мен совхоздардың қоғамдық малының санын көбейту, сонымен бірге оның өнімін мықтап арттыру болып қала береді. Бұл міндетті ойдағыдай орындау үшін ең алдымен барлық колхоздар мен совхоздарда тұрақты жемшөп базасын жасау қажет» деп атап көрсетті.

Қоғамдық мал шаруашылығы үшін мол жемшөп қорын жасау ісінде мал азығын өндіретін бригадда ұйымдастырудың маңызы өте зор. Мұндай бригаданы ұйымдастырып нығайту колхоздарда қоғамдық мал басы үшін жемшөптің тұрақты мол қорын жасауға, жемшөп дайындау қарқынының мал басының өсуі қарқынына кенжеле қалуын жоюға мүмкіндік береді. Облысымызда жемшөп өндіру бригадасы осы уақытқа дейін ұйымдастырылмай отыр.

Мұның өзі кейбір колхоздарда жемшөптің жылма-жыл жеткіліксіз дайындалуына, бұл жөніндегі жоспардың қанағаттанғысыз орындалуына әкеліп соғуда.

Облыс колхоздарында жемшөп өндіретін бригадалар ұйымдастыруға толық мүмкіншілік бар. Бірақ, ауылшаруашылық орындары мен колхоз басшылары жемшөп дайындау ісін түгелдей өндіріс бригадаларына жүктеп, мал азығын өндіретін арнаулы бригадда құруға күні бүгінге дейін

еңгістік сапасын жойған. Көзір бұл бригадда мұндай сортты тұқымның орнына жай тұқым себілгелі отыр.

Осы сыяқты, аталған колхозда тұқымды себер алдында өңдеу ісінде агротехникалық шаралар дұрыс сақталмайды. Тұқымды себер алдында өңдеудің тиімді әдістері кеңінен қолданылмайды. «Пламя» колхозында тұқым себуда агротехникалық ережелердің бұрмалануына жол беріліп отырғандығы Семиполка МТС-нің аға агрономы Әлғазин, участоттік агрономы Табунов жолдасарға белгілі. Алайда, бұл жолдасар тұқым себуда мұндай кемшіліктерді жою жөнінде ешбір шаралар қолданбай отыр. Демек, олар тұқымды дұрыс себу жөнінде колхозға тиісті көмек көрсете алмай келеді.

Тұқым себуда агротехникалық ережелері Семиполка МТС-нің қамтуындағы «Балуан» колхозында да бұрмалануда. Колхоз басшылары тұқымның агротехникалық ережелерге сай себілуін талап етіп отырмайды. Олар егіс жұмыстарының жалпы орындалу қарқынына ғана көңіл бөліп, оның сапасын тіпті естен шығарып алған. Мұнда малазығындық қызылша егісі дұрыс себілмеген. Бір гектар жерге норма бойынша 12 килограмм қызылша тұқымын еңгіру керек болса оның орнына 8

және 10 килограмм қызылша тұқымын еңгіріп отырғандығы белгілі болды.

маған.

Егістік жерге жоғары сапалы тұқым сеуіп, мол өнім негізін қалауға «Путь к коммунизму» (председателі Дундуков жолдас) және Жамбыл атындағы колхоздарда да жеткілікті қамқорлық жасалмайды. Мәселен, «Путь к коммунизму» колхозында тұқымды себуда әзірлеу жұмысы мүлде ұйымдастырылмаған. Мұнда 90 гектар арпа тұқымы және 67 гектар сұлы тұқымы дәріленбей себілген. Осы сыяқты, Жамбыл атындағы колхозда сортты тұқымның орнына жай тұқым себілуде. Колхоз басшылары егістік жерге сапалы тұқым себуда жеңіл-желпі қарайды. Бұлай дейтініміз — бұл колхоз Марьевка «Заготзерносынан» бөлінген сортты тұқымды осы күнге дейін алмаған.

Барлық егіс көлемінде бітік егін өсіру егіс жұмыстарының агротехникалық ережелерге сай жүргізілуіне байланысты. Октябрь аудандық ауылшаруашылық бөлімі егіс жұмыстарында мұндай кемшіліктерді шұғыл түзетіп, барлық колхоздарда көктемгі егістің тез, сонымен бірге, жоғары агротехникалық дәрежеде өткізілуін қамтамасыз етуге міндетті.

В. СОКОЛОВ,

Облыстық ауылшаруашылық басқармасының аға агрономы.

мұнда жуық коммунистер мен партиялық жөң активтер осы тарихи документтерді өздiгiнен оқуда. Партия комитеттерiнiң, саяси және ғылыми бiлiмдер тарату жөнiндегi Қоғамның лекторлары бiржауырым мыңнан аса лекция оқыды. Облыста 85 консультациялық пункт жұмыс iстейдi.

Талдықорған қалалық партия комитетi И. В. Сталиннiң еңбегi және партияның XIX съезiнiң қарарлары бойынша өздiгiнен оқушыларға көмек ретiнде лекциялар циклiн ұйымдастырды. Қалалық партия кiтапханасында айында екi рет консультация өткiзiлiп тұрады.

Облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттерiнiң жанында партия және совет активнiң семинарлары жұмыс iстеуде.

В. И. ЛЕНИННИҢ «ҰЛТТАРДЫҢ ӨЗІН ӨЗІ БИЛЕУ ПРАВОСЫ ТУРАЛЫ» ДЕГЕН ЕҢБЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ

Қазақ мемлекеттік баспасы В. И. Лениннің «Ұлттардың өзіні өзі билеу правосы туралы» деген еңбегін қазақ тілінде жеке кітапша етіп басып шығарды.

Кітапшаның тиражы 35 мың дана. (ҚазТАГ).

хозна жұмыс істейтін трактор отрядтары қамтылды. Мал азығын өндіретін бригаданы машина қуатымен қамту шаралары бригадалардың жұмыс жоспарында және МТС-тің колхоздармен жасасатын өндірістік шарттарында кеңінен қамтылатын болады. Осымен бірге, бригаданың өз ішінде еңбек ұйымдастыру тәртібі оның өндірістік жоспарында көрсетіледі. Бригада өзінің жұмысы жөнінде колхоз басқармасы мен колхозшылардың жалпы жыйналысы алдында ғана жауапты.

Жемшөп өндіру бригадасына мынадай жұмыстар жүктеледі. Ең алдымен бригада малазығындық біржылдық, көпжылдық шөп, тамыртүйнекті, тамыржемісті және сүрленетін дақылдар егеді, оларды бантап күтеді. Ол шөптермен дақылдарды шауып жыйнайды. Малазығындық шөптердің және дақылдардың тұқымын өндіріп сақтайды. Осы сыяқты, жемшөп өндіретін бригадда колхоздың өндірістік бригадаларымен бірге өзіне бекітіліп берілген табиғи шабындықтардың пішінін де шауып жыйнайды. Ол шабындықтардың шөп шығымдылығын арттыру шараларын жүзеге асырады. Бригада бағалы бір мал азығы — сүрленген шөп әзірлеу жөнінде де бірқатар жұмыстар істейді. Екінші сөзбен айтқанда, ол сүрленетін дақылдарды егін өсіреді және оны жыйнап сүртейді. Оны сақтайтын траншеялар қазып дайындайды.

Дала жұмыстары аралығында бригада көп жұмыстар атқарады. Мал қораларын садып, жөндейді. Күзге қарсы жемшөпті мал қоралары жанына тасып үйеді. Қысты күні жемшөп өндіру бригадасы малды қолда бағу ісіне кеңінен араласады. Ол малға жемшөпті алдын-ала әзірлеп беру,

оны турау, ұнтау және буландыру жөнінде елеулі жұмыстар істеуге тиіс. Малазығындық біржылдық, көпжылдық шөп және басқа да жемшөптік дақылдар егілген алаңда қар тоқтату жұмыстарын жүргізеді, малазығындық дақылдар егілген жерді өңдеу үшін минералды және жергілікті тыңайтқыш заттар дайындайды. Біржылдық, көпжылдық шөптердің және тамыртүйнекті, тамыржемісті, сүрленетін дақылдардың тұқымын құйып, оны себуда әзірлейді. Сол сыяқты, бригада ауылшаруашылық құрал-саймандары мен басқа да күш-мүмкіншіліктерін дала жұмыстарына әзір етеді.

Міне, сонымен мал азығын өндіретін бригаданың атқаратын жұмысы саналуан. Мұндай бригаданы ұйымдастырып, нығайту облыс колхоздарында жемшөп қорлары сарқа пайдалануға, шөп танапты ауыспалы егіс жүйесін тезірек игеруге, отамалы және малазығындық дақылдардың өнімін арттыруға, сойтіп, қоғамдық мал шаруашылығы үшін жыл сайын жемшөптің тұрақты мол қорын жасауға, қоғамдық мал басын бір мезгілде оның өнімділігін арттыра отырып өркендетуге қосымша зор мүмкіншіліктер туғызады. Олай болса, жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары мал азығын өндіретін арнаулы бригада ұйымдастыру ісін дереу қолға алып, оның мінсіз жұмыс істеуіне қажетті жағдай жасаулары керек.

П. ЕЛОВИКОВ,

Жер құрылысы, ауыспалы егіс және ағаш отырғызу басқармасының бас агрономы.

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Партия оқуы жылының шешуші кезеңі

СОКП-ның XIX съезінің қарарларын орындай отырып, облыс партия ұйымы коммунистер мен партияда жоқ активтердің маркстік-лениндік білімдерін үнемі арттыру ісіне ерекше назар аударып келеді. Партия оқуының үстеміндегі оқу жылы өткен жылдарға қарағанда анағұрлым ұйымшылдықпен өтуде.

Бастауыш партия ұйымдары мен партия комитеттері партия жыйналыстарында, бюро мәжілістерінде, пленумдарда партия оқуының жайы туралы мәселені жиі қарап, істе кездескен кемшіліктерді дереу жоятын болды. Осының нәтижесінде партия оқуының барлық буындарында сабақтың мазмұнды өтуі қамтамасыз етілуде.

Быйыл партия оқуының жүйесінде облыс партия ұйымының құрамының 95 проценті және 6 мыңнан астам комсомолецтер мен партияда жоқ жолдастар оқып жүр. Олар оқу жылының барысында оқу программасына енгізілген өзгерістерге байланысты, И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты еңбегі мен партияның XIX съезінің материалдарын зор ынтамен үйренуде.

Партия, совет, шаруашылық активінің өздігінен оқуына басшылық едәуір жақсарды. Бұл жөнінде барлық аудандық, қалалық партия комитеттерінің және облыстық партия комитетінің жанында тұрақты семинарлар жұмыс істейді. Бұл семинарларда И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты еңбегінің түйінді мәселелері бойынша лекциялар оқылып, семинар сабақтары өтеді. Мәселен, Кочухов, Преснов аудандық партия комитеттерінің жанындағы партия-шаруашылық активінің тұрақты семинарларында Сталиннің жаңа еңбегі жөнінде 8—10 реттен семинар сабақтары өтті.

Қалалық және аудандық партия комитеттері насихатшы кадрлармен жұмысты анағұрлым жақсартты. Бұл жөнінде Преснов аудандық партия комитетінің жұмысы басқаларға үлгі боларлықтай, аудандық комитет насихатшылардың тұрақты семинарларының кезінде, мазмұнды өтуіне жетісумен бірге, оның қызметкерлері саяси мектептер мен үйірмелердің сабақтарына тікелей қатысу арқылы насихатшыларға нақтылы көмек көрсететін болды. Мұның өзі аудан партия ұйымында партия оқуының мазмұнды өтуіне, коммунистердің партиямыздың тарихы мен теориясынан терең білім алуларына қолайлы жағдай туғызды.

Дегенмен, партия оқуын ұйымдастыруда әлі де елеулі кемшіліктерге жол беріліп отырғанын айтпай кетуге болмайды. Бірсыпыра партия ұйымдары саяси мектептер мен үйірмелерде сабақтың кезінде өтуіне, тыңдаушылардың сабаққа толық қатысуына жетісе алмады. Мұндай фактілер, әсіресе, Полудень, Мамлют, Приешім аудандарынан орын алды. Кәзіргі кездегі бір төзгісіз жағдай сол—кейбір партия ұйымдары көптемі дала жұмыстары басталуына байланысты түрлі бөгде себептерді бетке ұстап, саяси мектептер мен үйірмелерде сабақты кезінде өткізбеу немесе оны мүлде тоқтатып қою сияқты фактілерге жол беріп отыр. Мұндай зиянды әдетке тіпті де төзуге болмайды.

Кәзір партия оқуының шешуші кезеңі басталды. Демек, партия оқуы жылының аяқталуына аз-ақ уақыт қалды. Сондықтан партия ұйымдары істе орын алған кемшіліктерді дереу жойып, партия оқуы жылының үлгілі аяқталуын қамтамасыз етуге тиіс.

Жақында ҚКП Орталық Комитеті «Партия оқуы орындарында оқу жылын аяқтауға әзірлік туралы» қаулы алды. Бұл қаулыда нақтылы шаралар белгіленген. Партия оқуы орындарында оқу жылы селолық жерлерде—майдың аяғында, ал, қалада—июнь айының аяғында аяқталады.

Аудандық, қалалық партия комитеттері ҚКП Орталық Комитетінің қаулысына сәйкес партия оқуы орындарында оқу жылын аяқтау жөнінде нақтылы шаралар белгілеуі қажет. Бұл белгіленген шаралар 15 майға дейін партия ұйымының секретарьлары мен насихатшыларының бірлескен кеңесінде талқылануға тиіс. Кеңесте бастауыш партия ұйымының секретарьлары мен насихатшылар партия оқуының барлық буындарында оқу жылын аяқтау жөнінде, қорытынды сабақтарды ұйымдастыру жөнінде толық түсінік алатын болулары керек.

Оқу программасының негізгі мәселелері бойынша барлық үйірмеде, саяси мектептерде, партия мектептерінде, кешкі марксизм-ленинизм университетінде, партия комитеттерінің кітапханаларында қосымша лекциялар оқылатын болсын.

В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің өмірбаяндарын үйренетін үйірмелерде және партия тарихын үйренетін негізгі типті үйірмелерде қорытынды сабақтар партияның XIX съезінің материалдары бойынша өткізіледі. Мұнан кейін насихатшылар «СОКП—совет халқының басшы және бағыт беруші күші» деген тақырып бойынша тыңдаушылар үшін әңгіме өткізеді.

Жоғары типті үйірмелерде қорытынды сабақтар партияның XIX съезінің материалдарымен, ССРО Жоғарғы Советінің IV сессиясының қарарларымен және партия мен үкмет басшыларының 1953 жылғы 9 мартта сөйлеген сөздерімен тығыз байланыстырыла отырып, партия тарихы бойынша жыл бойы өткен материалдардың көлемінде өткізіледі.

Екінші жыл оқытын партия мектептері СОКП-ның XIX съезінің материалдарын үйренгенде қамтылған тақырыптардың сағаттарын қысқарту есебінен оқу жоспарын толық аяқтауға тиіс. Мұнда партия тарихы және дүние жүзінің экономикалық және саяси картасы бойынша емтихан болады. Экономика және партиялық, совет жұмыстарының мәселелері бойынша қорытынды сабақтар өтеді.

Кешкі марксизм-ленинизм университетінде сабақ 1 июльде аяқталады. 1 курста партия тарихы, ССРО тарихы бойынша және ССРО-ның сыртқы саясаты мәселелері жөнінде қорытынды әңгімелер өткізіледі, II курстың тыңдаушылары диалектикалық және тарихи материализмнен, саяси экономиядан емтихан тапсыруға тиіс.

Аудандық, қалалық партия комитеттерінде және бастауыш партия ұйымдарында маркстік-лениндік теорияны өздігінен үйренуші коммунистермен топтық теориялық әңгімелер, семинар сабақтарын өткізу қажет. Бұл әңгімелер мен семинар сабақтарында өтілген материалдар бойынша өздігінен оқушылардың баяндамалары және рефераттары талқылануға тиіс.

Сауаттандыру мектептерінде оқушылар үшін кластан класқа көшіру немесе класты бітіру жөнінде емтихандар жүргізіледі. Партия ұйымдары комсомолдың саяси оқу орындарында оқу жылын ойдарыдай аяқтау жөнінде комсомол ұйымдарын нақтылы басшылық жасап, көмек көрсетулері керек.

Сонымен қабат, үстеміндегі оқу жылын аяқтау мәселесі партия оқуы жүйесіндегі келесі оқу жылына әзірлік мәселесімен ұштастырыла жүргізуге тиіс. Мұнда әрбір коммунистің білімі мен оның тілегін қатаң есепке алу қажет. Келесі оқу жылында коммунистердің үйірмелерде, семинарларда көптен оқуын қарастыру қажет. Осы сияқты, насихатшы кадрлармен жұмысты барынша жақсарту ісіне ерекше назар аударылатын болсын.

С. ВИНОГРАДОВА,

ҚКП облыстық комитетінің насихат секторының меңгерушісі.

Кітаптың достары

Жараспай Нұрқанов быйыл Ленин атындағы орта мектептің (Октябрь ауданы) VIII класында оқыйды. Ол сабақты үздік оқумен бірге, қоғам жұмысына да белсене араласады. Мектептегі әдебиет үйірмесін басқарады.

Жараспай көркем әдебиет кітаптарын сүйіп оқыйды. Ол өткен сегіз айдың ішінде ғана кітапханадан алып Пушкиннің, Лермонтовтың, Радищевтің және басқа совет жазушыларының шығармаларынан 48 кітап оқыды. Жараспай тек өзінің оқығанымен тынбай, оқыған кітаптарындағы оқылғаларды бірге оқытын жолдастарына да қызықты етіп айтып береді. Сол сияқты, жоғарғы класс оқушылары Қ. Қажтаев, Т. Қайыпов, Б. Құрманғожин және басқалары 20—30 кітаптан оқып шықты.

Бұл күндері Ж. Нұрқанов жазғы емтиханға тыңғылықты даярланумен бірге, жолдастарына да көмектесуде. Жараспай Нұрқановтың VIII класы өте жақсы деген бағалармен бітіріп шығуында күмән жоқ.

Ғ. МАЛДЫБАЕВ.

Ленин атындағы колхоздың кітапхана меңгерушісі.

Үлгілі хат тасушы

Иван Калюжин ұзақ уақыттан бері Октябрь ауданындағы Чапаев атындағы колхозда хат тасушы болып істеп келеді. Ол хат тасушыға жүктелген жауапты және құрметті міндетті аброймен атқаруда. Калюжин өзінің адал еңбегі үшін жылма-жыл аудандық байланыс мекемесінен ақшадай сыйлықтар алып тұрады.

Хат тасушы колхозшыларға 41 дана «Ленин туы», 10 дана «Ленинское знамя», 10 дана «Социалистік Қазақстан», 30 дана «Колхозное знамя», бірнеше дана орталық газеттер мен ондаған дана жастар газетін жеткізіп тұрады. Әрбір газет алдырып оқушының қолына аудандық газет баспадан шыққан күні, ал, облыстық газеттер екінші күні табыс етіледі.

Қ. ҚҰРМАНҒАЛИЕВ.

Атқыштар үйірмесі

Явленка орта мектебінің (Ленин ауданы) жанынан атқыштар үйірмесі ұйымдастырылды. Оны С. Понарий жолдас басқарады. Жуырда Бірінші май мерекесі құрметіне арналған атқыштар жарысы болып өтті. Мұнда 10 класс оқушылары жақсы нәтиже көрсетті.

Бұл күндері атқыштар үйірмесінің

Прагада совет жауынгерлерінің ескерткішіне веноктар қою

ПРАГА, 8 май (СОТА). Чехословакия телеграф агенттігінің хабарына қарағанда, бүгін Совет Армиясының Чехословакияны гитлерлік басқыншылардан азат етуінің 8 жылдығы қарсаңында, Прагада Ольшанск қабірінде Чехословакия үкметінің, Чехословакия Коммунистік партиясының және қоғамдық ұйымдардың өкілдері Чехословакияны азат ету ұрыстарында қаза тапқан совет жауынгерлері ескерткішінің тұғырына веноктар қойған.

Ескерткіштің жанында жауынгерлік ту ұстаған әскери қарауыл тұрды. Ескерткіштің тұғырына: Чехословакияның

президенті А. Запотоцкий атынан премьер-министр В. Широкий, ССРО-ның Чехословакиядағы елшісі А. Е. Богомолов, Қытай халық Республикасының Орталық Халық Үкметінің Мемлекеттік әкімшілік советінің финансы-экономикалық комитеті председателінің орынбасары Ли Фу-чунь бастаған Қытай Халық Республикасының үкмет делегациясы, Монгол Халық Республикасының үкмет делегациясының басшысы Монгол Халық Республикасының ССРО-дағы елшісі Д. Адилбиш және басқалары веноктар қойды.

Германиядағы Советтік Бақылау Комиссиясының председателі қабылдау мәжілісін жасады

БЕРЛИН, 8 май (СОТА). АДН агенттігінің хабарлағанындай, қаһарман Совет Армиясының неміс халқын гитлерлік фашизмнен азат еткеніне 8 жыл толуының құрметіне германиядағы Советтік Бақылау Комиссиясының председателі армия генералы Чуйков бүгін Герман Демократиялық Республикасының министрлер Советі президиумының мүшелерін, Германияның Социалистік біртұтас партиясы Орталық Комитетінің саяси бюросының мүшелерін және басқа демократиялық партиялар мен бұқаралық ұйымдардың өкілдерін қабылдады. Отто Гротеволь Совет Одағының ха-

лықтары мен үкметіне герман мәселесін бейбітшілікпен шешу ісінде дәйекті саясат жүргізіп отырғаны үшін алғыс айтып, неміс және совет халықтары арасындағы берік достық неміс халқының біртұтас тәуелсіз, демократиялық бейбітшіл Германия мемлекетін орнату жолындағы күресінің табысты болуының кепілі болып табылатынын атап көрсетті.

Өзіміздің азат етілуіміздің 8 жылдығы күні, деді Отто Гротеволь, біз ұлы совет халқымен екі арадағы бұл достықты онан сайын нығайтуға салтанатты серт береміз.

Германияны азат етудің сегіз жылдығына байланысты Берлинде болған салтанатты мәжіліс

БЕРЛИН, 8 май (СОТА). Бүгін Берлинде Совет Армиясының Германияны гитлерлік тепкіден азат етуінің сегіз жылдығына арналған салтанатты мәжіліс болды.

Мәжіліс басталғанға дейін Герман Демократиялық Республикасының премьер-министрі Отто Гротеволь, премьер-министрдің орынбасары және Германияның Социалистік біртұтас партиясы (ГСБП) Орталық Комитетінің бас секретары Вальтер Ульрих, Герман Демократиялық Республикасы халық палатасының председателі Иоганес Дикман, премьер-министрдің орынбасарлары, үкмет мүшелері және ГСБП Орталық Комитеті саяси бюросының мүшелері ложалардан орын алды.

Мұнда, сонымен қатар, Совет Одағының Герман Демократиялық Республикасы үкметінің жанындағы дипломатиялық миссиясының басшысы И. И. Ильичев, Германиядағы Советтік бақылау Комиссиясы председателінің бірінші орынбасары И. Ф. Семичастнов, Советтік Бақылау Комиссиясы председателі

Штейдле неміс халқының герман проблемасын бейбітшілікпен шешу жолындағы, біртұтас, демократиялық, тәуелсіз және бейбітшіл Германия орнату жолындағы күресінде оған Совет Одағының орасан зор көмек көрсеткенін және сонымен бірге совет халқымен достықты нығайтуға барлық неміс патриоттарының мүдделі болып отырғандығын атап айтты. Егер мен, деді Штейдле, неміс және совет халықтары арасындағы мызғымас берік достықты онан әрі нығайтуға біз барлық күшті жұмсаймыз және бұл достықты көздің қарапшығындай сақтаймыз десем, мен сол арқылы Батыс пен Шығыстағы барлық бейбітшіл және патриоттық ниеттегі немістердің тілегін білдірген болар едім деп ойлаймын!

Герман Демократиялық Республикасындағы социалистік құрылыстың табыстары туралы айта келіп, Штейдле Герман Демократиялық Республикасының неміс халқының біртұтас, тәуелсіз, бейбітшіл және демократиялық Герма-

Үгітшілердің семинары

Жақында ҚКП Ленин аудандық комитеті Аманкелді атындағы колхозда үгітшілердің кусталық семинарын өткізді. Семинарға 43 адам қатысты.

Үгітшілер И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты еңбегі және партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директивалары туралы лекцияларды және ауыл-село үгітшілерінің міндеттері туралы баяндама тыңдады. Семинарда лекция оқып, баяндама жасауға ҚКП аудандық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Шұңғылшин, Аманкелді жетіжылдық мектебінің директоры Шаймерденов, оқытушы Жаудин жолдастар қатысты. **Б. СЕЙІТБАЕВ.**

ҮГІТШІ АГРОНОМНЫҢ ӘНГІМЕСІ

Агроном Полина Сбитня Каганович атындағы колхозда жұмыс істейтін трактор бригадасының механизаторларының зор құрметіне бөленген. Өйткені, ол үш жылдан бері осы бригадада үгітші болып желеді. Полина Сбитня соңғы бір әңгімесін «Егістің сапасы үшін күрес — мол өнім үшін күрес» деген тақырыпта өткізді.

Үгітші өзінің әңгімесінде бригадада көктемгі егістің агротехникалық шараларының жүзеге асырылуы жөнінде нақтылы фактілер келтірді. Ол тұқым тасушылардың жеткіліксіз болуынан егістің жерге тұқым себу жөніндегі кейбір тапсырманың орындалмай отырғанын айтты, механизаторлар мен колхозшыларды көктемгі егісті сапалы өткізуге шақырды.

Үгітшінің әңгімесі егіншілердің қызу қолдауын тапты. Олар бірінен соң бірі сөз сөйлеп жұмыста орын алған кемшіліктердің бетін ашты. Бригадир А. Маркер жолдас колхоз басқармасының тракторларға жанар майын құюшы адамдарды тиісті құралдармен жеткілікті жабдықтамай отырғанын, мұның өзі еңбек өнімділігін төмендететінін айтты. Комсомолец Г. Котляренко колхозшылар Д. Маркер мен А. Низин жолдастарды өз жұмыстарына ұғынсыз қарайтыны үшін сынады.

В. ЛИЗУН,
Совет ауданы.

мүшелері өздерінің мергендік шеберліктерін күн санап арттыра түсуде.

Т. УМБЕТОВ.

КОТЛОВАН ҚАЗДЫ

Совет ауданындағы Шағлы совхозының № 2 бөлімшесі ұзындығы 35 метр, терендігі 7 метр котлован қазуға кірісті. Бұдан бұрын совхоз малы қолмен құдықтан суарылып, көптеген жұмысшы күшін жұмсауды керек ететін.

Совхоз жұмысшылары котлован қазуды үстіміздегі жылы аяқтауды көздеп отыр. Котлован толық қазылып болғаннан кейін көп жұмысшы күші үнемделіп, малдар өз бетімен су ішетін болады.

С. ШОҚАМАНОВ.

КИНО



ВАСИЛИЙ БОРТНИКОВТЫҢ «Кейін оралуы»

Облыс экрандарында Галина Николаеваның «Егін орағы» романы бойынша жасалған «Василий Бортниковтың қайта оралуы» деген жаңа түсті көркемсуретті фильм көрсетіле бастады.

Сценарийдің авторлары Г. Николаева мен Е. Габрилович бұл фильмде совет адамдарының еңбек үстінде өсіп, шынығатындығын, олардың қоғам мүддесін бәрінен де жоғары санайтынын, колхоз партия ұйымының колхозды деревняны өркендетудегі басшылық ролін, біздің елде семья мен сүйіспеншілік адамдардың бір-бірі сыйлау, құрметтеу, достасу негізінде болатындығын сипаттайды.

Ұлы Отан соғысының солдаты Василий Бортников ауыр жараланып, бес жылдай госпитальда жатады. Ауыр жараланған ол өмірден күдер үзіп, үйіне хат та жазбайды. Ал, жерлестері Василийді көптен бері ақ қайтыс болды деп есептейді.

Көп жылдар бойы сағына күткен зайыбы Авдотья селолас жігіт Степан Моховке тұрмысқа шығады. Әбден жа-

зылып, Василий туған колхозына, үйіне оралады. Зайыбы Авдотьяның басқа адамға тұрмысқа шығып қоюы Василийге өте ауыр тиеді. Василийдің әйеліне сенбеуі сыяқты теріс көзқарасы, орынсыз қызғаншақтығы Авдотьядан айырылуға негізгі себеп болады. Осы оқыйға желісі фильмнің аяғына дейін созылып, оның ең соңында бір-ақ шешіледі.

Василий Бортниковты жерлестері колхоз председатели етіп сайлайды. Соғыс жылдарында әлсіреген колхоз шаруашылығын қалпына келтіру оған оңайға түспейді. Ол колхозшылармен ортақ тіл табысып, оларды соңынан ерте алмайды. Бірақ, Бортников, колхоз мүддесін бәрінен жоғары санайды. Туған колхозын көркейткіп, оны іріленген алдыңғы қатарлы техникамен жабдықталған колхозға айналдыру жолында аянбай еңбек етіп, өзінің күш-жігерін солға жұмсайды. Ал, аудандық партия комитетінің секретары Чеканов Бортниковты колхоз шаруашылығына берілген, үлкен күштің адамы деп танып, оны шаруашылық жұмысын басқару ісіне шыдамдылықпен тәрбиелей береді.

Василий Бортниковтың ролін орындаушы РСФСР-дың халық артисі С. Лукьянов күйгелек, бірбеткей, айтқанынан қайтпайтын адамның бейнесін артистік дарындылығы арқасында өте шеберлікпен жасап шыққан. Бортниковтың жұмысына колхоздың партия ұйымы да үнемі көмек көрсетіп отырады. Фильмде, әсіресе, Василийдің Авдотьяға деген сүйіспеншілігі, семья ішіндегі жағдайлар нанымды сипатталады.

Ақжарқын, жайдары мінезді орыс әйелі Авдотьяның образы артистка Н. Медведеваның орындауында көңілге қонымды, әсерлі болып шыққан. Фильмнің кей жерінде Авдотья жұмыс үстінде көрінеді. Н. Медведева актерлік өнерін пайдалана отырып, өз кейіпкерінің еңбекке қарым-қатынасын, маңы-

дағы адамдарды соңынан ертудегі ұйымдастырушылық қабілетін байыпты түрде көрсете отыра, оны көздеген мақсатына жеткізеді.

Ал, Степан (артист Н. Тимофеев) фильмде аз көрінсе де, көп уақытқа дейін көрушінің есінде қалады. Ол — мінезі биазы, жаны таза адам. Әсіресе, бірбеткей Авдотьяға көзқарасын өзгерту, онымен қайта қосылуы қажеттігі жөнінде Василийге ақыл беретін жерін артист Н. Тимофеев шебер шығарған. Ол Василий мен Авдотьяны татуластырып, олардың тату-тәтті өмір сүруіне тілектестігін білдіреді.

МТС директоры Кантауров (артист В. Санаев) тракторлардың жүрмеуін олардың тозғандығынан деп санап, бүкіл трактор паркін жаңартуды талап етеді. Аудандық партия комитетінің секретары Чеканов (артист А. Чемодуров) бұған сенбей, тракторлардың дұрыс жүрмеу себебінің неде екенін табуды жас инженер Наталья Дубко (артистка К. Лучко) мен Степан Моховке тапсырады. Инженер Дубко мен механик Степан бригадаларды аралап, машина-трактор паркінің үдіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, көктем егісін қысқа мерзімде аяқтауға көмектеседі.

Фильмге қатысушы артистер И. Макарова, Г. Степанова, А. Игнатъев және басқалары өз кейіпкерлерінің образдарын нанымды етіп шығаруда көп ізденіп, көп еңбек сіңірген.

Фильмнің режиссері Всеволод Пудовкин фильмге қатысушы кейіпкерлердің бір-бірімен қарым-қатынасын, психологиялық ерекшеліктерін әр адамның өзіне тән, нанымды етіп бере білген. Фильмнің үзінділері оқыйға желісіне байланысты жылдың әр мерзімінде түсірілген. Орыс жерінің көз тартатын көрікті, бай табиғатын көрсетудегі оператор С. Урусевскийдің іскерлігін атап айтуға болады.

М. НҮРПЕИСОВ.

СУРЕТТЕ: фильмнен кадр.

нің жанындағы саяси кеңесші П. Ф. Юдин, Герман Демократиялық Республикасында қонақ болып жүрген совет металлургия делегациясының басшысы П. Д. Ефанов және басқалары болды. Герман Демократиялық Республикасының денсаулық сақтау министрі Луитпольд Штейдле Совет Армиясының Германияны азат етуінің 8 жылдығына арналған баяндама жасады.

Қаһарман Совет Армиясының, деп мәлімдеді Штейдле, гитлерлік фашизмді талқандауының тарихи маңызы неміс халқының санасына жылдан-жылға терең орнауда, өйткені, осы тарихи оқиғаның арқасында неміс халқы өзінің тарихында тұңғыш рет бейбітшілік және демократия, басқа халықтармен достық және туысқандық ынтымақ жолымен алға басуға мүмкіндік алды.

Неміс халқы, деп мәлімдеді Штейдле, өзінің өмірлік мәселесін бейбітшілікпен шешуге жеткізетін бірден-бір мүмкін жолды күннен-күнге айқын көруде, бұл жол — немістердің өзара бейбітшілікпен келісу жолы, барлық патриоттық күштерді қосып, біріктіру жолы.

Корейдағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 8 май (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін майдандарда өткен күні ешқандай өзгеріс болған жоқ деп хабарлады.

8 майға қараған түнде американ авиациясы, Токчонь қаласына қайтадан шабуыл жасап, оның бейбіт адамдар тұратын тұрғын кварталдарына әртүрлі

ния жолындағы күресінде күшті тірек болып табылатындығын атап көрсетті.

Баяндамадан кейін Герман Демократиялық Республикасының президенті кеңесінің басшысы стаң-секретарь М. Опц ГСВП Орталық Комитетінің председатели, Герман Демократиялық Республикасының премьер-министрі Отто Гротевольд және ГСВП Орталық Комитетінің бас секретары, Герман Демократиялық Республикасы премьер-министрінің орынбасары Вальтер Ульбрихті Карл-Маркстің туғанына 135 жыл толуына байланысты Герман Демократиялық Республикасының үкіметі жақын арада белгілеген Карл Маркс орденімен наградтау туралы Герман Демократиялық Республикасының президенті Вильгельм Пиктің қарарын оқыды. Герман Демократиялық Республикасы үкіметінің ұсынысы бойынша Герман Демократиялық Республикасының Президенті Вильгельм Пик бірінші Карл Маркс орденімен наградталды.

Жыйналғандардың ду қолшалақтауы үстінде Гротеволь мен Ульбрихте Карл Маркс ордендері тапсырылды.

калібрлі 500-ден астам бомбалар тастады. Бомбалаудың нәтижесінде көптеген бейбіт адамдар қазаға ұшырады, жараланды, көптеген тұрғын үйлер мен жер үйлер қыйратылды.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін атқыштар дұшпанның төрт самолетін ағып тұрды.

Редактор **Г. МҰХАМЕДЖАНОВ.**



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ВАСИЛИЙ БОРТНИКОВТЫҢ ҚАЙТА ОРАЛУЫ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«СИЛЬВА»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

Ұйымдасқан түрде жұмысшылар алатын Солтүстік Қазақстан облыстық мекеме Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Петропавл қаласында жұмыс істеу үшін ер және әйел жұмысшыларды қабылдайды.

Шарт жасасқан жұмысшыларға 150 сомнан 600 сомға дейін қайтарылмайтын жәрдем жолда жүрген күндеріне тәуліктің ақы төленеді, өзіне және семья мүшелеріне тегін темір жол билеті беріледі.

Жұмысқа қабылдау жөнінде Петропавл қаласы, Папанин көшесі 98-үйге келіп, селолық жерлерде аудандық Совет аткомдеріне келіп, ұйымдасқан түрде жұмысшылар алатын өкілдерден түсінік алуға болады.

РЕДАКЦИЯ МЕН
партия және ауылшаруашылық

ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ
бөлімдері—2-36, өнеркәсіп-транспорт және

АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы,
тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар

Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, бюросы—4-39, Газет баспасы—5-53, газет

табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.